



Студенттер мен жас ғалымдардың  
**«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2018»**  
XIII Халықаралық ғылыми конференциясы

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ**

XIII Международная научная конференция  
студентов и молодых ученых  
**«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2018»**

The XIII International Scientific Conference  
for Students and Young Scientists  
**«SCIENCE AND EDUCATION - 2018»**



12<sup>th</sup> April 2018, Astana

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың  
«Ғылым және білім - 2018»  
атты XIII Халықаралық ғылыми конференциясының  
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
XIII Международной научной конференции  
студентов и молодых ученых  
«Наука и образование - 2018»**

**PROCEEDINGS  
of the XIII International Scientific Conference  
for students and young scholars  
«Science and education - 2018»**

**2018 жыл 12 сәуір**

**Астана**

**УДК 378**

**ББК 74.58**

**Ғ 96**

Ғ 96

«Ғылым және білім – 2018» атты студенттер мен жас ғалымдардың XIII Халықаралық ғылыми конференциясы = XIII Международная научная конференция студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2018» = The XIII International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2018». – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2018. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

**ISBN 978-9965-31-997-6**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 378

ББК 74.58

ISBN 978-9965-31-997-6

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2018

бір мәдени топты екіншісінен айыратын және бейресми жолмен реттейтін қабылданған мінез-құлық ережесіне немесе әлеуметтік әрекеттерді жөнге келтіретін терминге жатады [5].

Салт-дәстүр ұлт үшін өмір, қоғам заңы болып негізделіп, сана, тағылым, тәрбие, тіршілік ережесі ретінде ел зердесіне рухани байлық — өнеге тәжірибесін құраған. Бұл талаптар мен ережелерді халық бұлжытпай орындаумен бірге оны құрметтемеген, сақтамаған адамдарды сол заң негізінде жазалап та отырған. Өткен заманда қазаққоғамы үшін салт-дәстүр бұлжымас заң рөлін атқарды. Мысалы, той, наурыз көже, қыз ұзату, қонағасы, шашу, ерулік ата салты болып саналады. Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады. Салт-дәстүр байлығы — мәдениеттің байлығы. Мысалы, ата-ананы, үлкенді құрметтеу, байғазы, көрімдік, сүйінші, кәде сұрау, сәлем беру, ат тергеу, құрдастық қалжың, т.б. салт-дәстүрге жатады. Қазақ халқы салт-дәстүрге бай. Әдет, ғұрып, ишара, ырым, тыйым, дағды бәрі осы салт-дәстүр көрінісі [6].

Салт дәстүр мәселесі қазіргі таңда алғашқы орындарда тұр. Қазақ халқында көптеген салт дәстүрлер мен ырымдар бар. Бірақ өкінішке орай адамдардың көбісі ырым мен салт дәстүрді шатастырады. Ата баба өсиеті болып келе жатқан салт дәстүрлердің өзіндік ерекшеліктері болса, ырым жырымдар арнайы тыйымдар үшін қолданылған. Көрісу басталғанда Жай күндері ренжісіп, өкпелескендер болса, дәл осы күні іздеп барып кешірім сұрасады. Ынтымаққа келеді, бірлікке жүгінеді. Сөйтіп, бірінің үйінен бірі дәм татады, қол алысады, төс қағыстырады, дос болады. Бұл мерекенің танымдық, рухани тәрбиелік мәнінің ұрпақ үшін зор екенін үнемі насихаттау күн тәртібінен түспеуі қажет.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Назарбаев Н. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» баяндама. 2017 ж. сәуір
2. Ұзақбаева С.А., Қожахметова К.Ж. «Жоғарғы мектеп студенттеріне этнопедагогикасының білім беру тұжырымдамасы». Алматы, 1998 ж.
3. [https:// Massaget.kz](https://Massaget.kz) Massaget.kz /arnayyi\_jobalar/22-nauriz
4. Табылдиев Ә. «Қазақ этнопедагогикасы» Алматы, 2001 ж.
5. Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Әлеуметтану және саясаттану бойынша / Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ. 2006. - 569 б.
6. Қазақ Совет энциклопедиясы, Алматы, 1975 ж. 7 - том

ӘОЖ 930

### **ДӘСТҮРЛІ ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ ТОҚЫМА ӨНЕРІ**

#### **Хадыс Нұршаш**

Л.Н Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, 1 курс магистранты,  
Астана қаласы, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі - Сарсембина Қ.К.

Елбасымыз «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында атап өткендей, елдігімізді, тұғырлы тәуелсіздігімізді, тілімізді, дәстүрімізді, төл мәдени мұрамызды, ұлттық кодымызды сақтай отырып, оны келер ұрпаққа насихаттау арқылы рухани жаңарып, кемелдене аламыз. «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты - сол ұлттық кодынды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп - оңай», - деп замана сынынан сүрінбей өткен озық дәстүрлерді табысты жаңғыртудың маңызды алғышарттарына айналдыра білу керек

екенін, егер жаңғыру ұлттық - рухани тамырынан нәр алмаса, ол адасуға бастайтынын айтып өтті[1].

Бабалардан қалған көне дәстүрлерді аялап сақтаған қазақ халқы өзінің керегі мен талғамына сай заттық мәдениеттің көптеген үлгілерін тудырды. Олардың ішіндегі бірегейі - тоқыма өнері. Көшпелі тұрмыс аясында қалыптасып дамыған қолөнер, негізінен, киіз үйдің іші – сыртын ,оның жабдықтарын безендіруге бейімделген. Киіз үйдің сүйегін қаптайтын киіз,тоқыма, сырма кілемдер, қоржындар мен қаптар, шарқат пен шымылдықтар,ағаш жиһаз, ыдыс және тағы басқа керек жарақтар – халықтың қолөнер шеберлерінің тірнекті еңбегінің нәтижесі. Неміс ғалымы Р.Карутц қазақ әулеті тұрмысынан байқағандары жайлы былай деп жазды: «Әйелдің бос отырғанын көрмейсің, үйдің жұмысын реттеп бола сала, ұршықты қолына алады да, тоқымаға жеткілікті жіп толғанша иіре береді»[2, 25 б].

«Өнерлі өрге жүзер» дейді халық. Кілем тоқуды қолөнердің өзіндік қыр сыры мол , қиын әрі озық түрлерінің бірі десек те, осы өнерді үйренгісі келген әр адамның тұрмыс қажетін өтеу мақсатымен бірге оның сан түрлі бояуларынан туындайтын өрнектер мен бояу үндестігі қиялына қанат бітіріп, сұлулық әлеміне жол таппасына кім кепіл?! Оның айғағы – тарихта қалыптасып келген, сан ғасырлар бойы тұрмысқа байланысты, табиғат құбылыстарын суреттеуге лайықталып келген ою – өрнек түрлерінің ,оның мазмұнының жаңара түсіп ,бет - бедерінде тұрмыс – тіршілікке байланысты тың мағына беретін туындылардың пайда болуы[3,17 б]. Белгілі өнертанушы В Чепелев: «Қазақтар тек ою – өрнек әлемінде өмір сүретін сияқты», - деп жазған еді. Шынында да, қазақ тұрмысында ою- өрнектің араласпайтын саласын табу қиын, ол қисса – жырларымызбен де етене байланысып жатыр. Эпостық жырлар мен дастандарда ,батырлардың ,ат –әбзелдерін, немесе арулардың киімі мен күймесін суреттегенде оқушының көз алдынан ғажайып нақыштар өтер еді. Осындай әсемдік әлемін көзімен көрген ғалым А.С. Фелькерзем қолөнерді әсіресе кілемді терең зерттей келе, Азияны «Үлкен этнографиялық» музей деп атады, сол музейді зерттеуден үлкен әсер алғанын, бірақ көп нәрсенің сырын толық аша алмағанын жазады. Ал С.Дудин: « Фабрика - зауыттардың шығарған тауарларынан кейін қолөнер мүлдем жойылып кетуі тиіс», - деген еді, бірақ олай болған жоқ, халқымыздың мәдени шежіресін – ою - өрнекті фабрика зауыттар жоя алмады. Ол өзінің өміршеңдігін , жасампаздығын паш етті. Рухани қайнарларымыздың бірі болған осынау құндылық бүгінде азаттығымыздың нышаны – көк байрамғымызды да көріктендіріп тұр. Көп жағдайда халықтың тілін, мәдениетін білмесекте қолөнерде бейнеленген оюларға қарап , қай халықтың қазынасы екенін танып білеміз. Өйткені ою – өрнек әр халықтың таңбасы, сол елдің бейнелеу өнерінің көнеден келе жатқан мәдениеті. Кеңес үкіметі кезінде ертеден келе жатқан қолөнер туындылары мұражайларда ғана сақталды. Көбінесе бұл өнер туындыларына ескінің сарқыншағы ретінде қарады. Қазір егемен елдің қолөнер туындылары басқа қырынан жаңаша көрініс тапты, ол жаңа түрге, жаңа мазмұнға ие болуда[4,22-26б]. Бүгінгі кілем тоқу өнері біржақты,тұрмыс қажетін өтеу аясынан гөрі – қолдағы барды ұқсата білу, әсемдік пен талғампаздықтың туындысына айналуға. Сондықтан оның еңбекке, өнерге, ойлау қабілетін арттыруға, нәзіктік пен сұлулықты сезіне білуге ,табандылық пен ұстамдылыққа тәрбиелеу маңызы басым тұр.

Ежелгі уақыттан бері түкті және түксіз ою-өрнекті кілемдер әлемнің көптеген халықтарында ерекше, қастерлі зат ретінде орын алады. Алайда,кілем тоқу өнері қайда және қашан пайда болды? Ғалымдар осы мәселені ұзақ уақыттан бері талқылап келе жатқанымен ,нақтылы жауап таба алмауда. Кілем тоқудың ерте заманда пайда болғанын көптеген археологиялық қазбалар жанамалап көрсетеді. Атақты ағылшын ғалымы Д.Мелларт ертедегі Чатал Хююка (Анадолы) қасиетті мазарында неолит дәуірінде (б.з.д VI мың) қабырғалардағы қолтаңбаларда кілем тоқу композицияларының геометриялық бейнелерінің мотивтері пайдаланылған деп есептейді. Б.з.д I мыңжылдықта сақталған тарихи деректер (Гератот, Ксенофонт) Вавилонда, Ассирияда Ахеменидтік Иранда, Кавказда кілем өндерісі болғанын

көрсетеді және Скифияда, Египетте, Византияда осы кілем өнімдері сатылған. Сонымен бірге әйгілі көне қазба қалдықтарына Пазырық қорғандарынан (Таулы Алтай) табылған гобелендік техникада орындалған түкті (5 қорған) және түксіз кілемдердің (5 және 2 қорғандар) фрагменттері б.з.д IV-III ғғ жатады.

Көптеген зерттеулер 1949 ж С.И Руденко тапқан Пазырық түкті кілеміне арналған. Ертедегі кілемнің тамаша алғашқы суреттеуін С.И Руденко 1953 ж жасаған. Кілемнің көлемі 200x185 см шаршыға жақындатылған. Ол жан – жақты бейнелеуде рәсімделген: орталық алаңында жиырма төрт крест тәріздес бейнелер, бес жиектемеде қолтаңбалы мөрлер, үлкен мүйізді алдыңғы азиялық бұғылар, орталық алаңдағыға ұқсас крест тәріздес бейнелер, асыққан салт аттылар және ақыр соңындағы тағы да қолтаңбалы мөрлер салынған. Кілем қосарланған немесе қой жүнінен иірілген түркі түйінді жіптермен орындалған. Негізгі жіптердің саны бір дециметрге 120- дан келеді. Түктің ұзындығы - 2мм, ал кілемнің қалыңдығы бір шаршы дм 3600 түйінен келеді. Кілемнің негізгі түсі қызыл, оған қынамен, әр түрлі табиғи шөптермен және басқа да бояулармен бояу арқылы алынған көгілдір, жасылды- көгілдір, сары, қоңырлау, ашық сары, қызғылт, түрлі- түсті жіптер енгізілген. Кілемнің шығуы туралы ғалымдардың пікірі әр түрлі: С.И Руденко кілемде бейнеленген кейіпкерлердің стилістік ерекшеліктеріне сүйене отырып, кілемді парсы немесе мидия кілемі ретінде анықтайды. М.П Грязнов кілемді Орталық Азиялық жұмыс деп есептейді, себебі Иран мен Таяу Шығыстың байланыстары Орта азия арқылы өтетін болған. Америкалық ғалымдар Harold Buhmer және John Thomp кілемді парсылық түпнұсқадан көшірме жасаған деп болжайды. Бұл осылай ма, жоқ па белгісіз, алайда Мемлекеттік Эрмитажда Пазырық кілем өзінің нышанды бейнелерімен, таңғажайып түстерінің гаммаларымен және түкті аса жалтылдақ нәзіктігімен жалпы халықтың таңданысын тудырды [3, 7 б.]. Әйгілі араб жазбаларында жазылғандар деректер бойынша, сасанидтік шаханшах Хосровтың (513-579жж.) тамаша кілемдері асыл тастар мен алтын жіппен әшекейленген. Еуропа кілемдері кейіннен соборлар мен патша сарайларын безендіру үшін пайда болды: Испанияда олар VII-VIII ғғ. бастап көшпенділердің арқасында, ал Англия мен Францияда ұзақ уақыт бойы шығыс кілемдерін көшірмеледі, тек XVII ғасырда ғана кілем мануфактуралы жұмыс істеді. Австрия ғалымы А.Ригль кілемнің тарихын тек XV-XVI ғғ. бастап қана санауға болады деп есептейді. Кілемнің көптеген қарапайым мәніне қарамастан, оның пікірінше, әсіресе, тоқыма бұйымдарында халықтың мәдениеті, оның басқа халықтармен, дінмен өзара байланысы туралы мәліматтер сақталған. Әлемнің көптеген шеберлері кілем тоқу өнерін игерген тарихи кезеңдерде бейнелеу өнерінің аса үздік дүниелері – кескіндеме, кесте, мүсіндер мен қатар бағаланатын таңғажайып тоқыма бұйымдарын жасаған [5, 3-7 б].

Кілем тоқудың аймақтық сипаты туралы айтқанда тұтастай көшпелілер дәстүрін бір бөліп (түркімендер, қарақалпақтар, қырғыздар, Оңтүстік Кавказ түркілері және т.б), Таяу және Орта Шығыстың көне жер өңдеуші халықтарының (армяндар, тәжіктер) дәстүрін бөліп қарастыру қабылданған. Кавказдың барлық өңірлері бірдей кілем тоқумен айналыса бермейтіндігін айта кету керек – Солтүстік Дағыстан мен Солтүстік Кавказда тұрмыста кілемнің орнына ою – өрнекті киіздер мен тоқыма шилер қолданылды. Сонымен қатар Армения, Әзербайжан, Оңтүстік және Орталық Дағыстандағы дамыған кілем тоқу кәсібімен салыстырғанда Грузияда кілем өнімдерінің басқаларына ұқсамайтын жалғыз ғана түрі – солтүстік-шығыс таулы облыстарының пардаг деп аталатын тықыр кілем тоқылады.

Қазақ халқында кілем тоқу өнері ғасырдан ғасырға, ұрпақтан ұрпаққа жалғасып, дамып келе жатқан ежелгі өнер түрі. Қазақ кілемдеріндегі ою-өрнектің түрлері ежелгі замандардан бастау алып, сан ғасырлар бойы қалыптасып, өзіне тән бір жүйеге келген. Кілем тоқу - тоқымашылық кәсібінің ерекше түрі, оның өнімдері үйдің қабырғасына ұсталып, еденіне төселетін бұйымдар болып табылады. Кілемдердің қолданысы тұрғын жайлар немесе қоғамдық мақсаттағы ғимараттармен: ғибадатханалар, мешіттер және т.с.с байланысты болды. Кілемді ашық аспан астында пайдалану ерекше оқиғалар мен рәсімдермен, көбіне маңызды тұлғаны (ел

билеушісін, діни қызметкерлерді, некелескен жұпты және т.с.с) қарсы алып, рәсім орындалатын жерге жеткізумен байланысты болуы мүмкін. Кілем, «үй - кілем төселген жерде» деген түркімен мақалына сәйкес, сол үйде тұратын адамдардың іс жүзіндегі және магиялық мағынадағы қорғанышы болып табылады. Әдетте кілемдердің бетінде екі жақты симметрия принципіне негізделген, күрделі ою-өрнекті композиция құрайтын өрнегі болады. Сирек кездесетін немесе ертеде тоқылған кілемдерде сюжеттік ою-өрнектер салынған, мағыналарын тарқатып түсіндіруге болатын немесе мағынасы беймәлім түрлі символдар салу да кілемдерге тән болып келеді. Жылжымалы, оның ішінде көшпелі тұрмысқа тән болып табылатын түрлі бұйымдар - жұмсақ сандықтар, қоржындар, қаптар, кесеқаптар, аяққаптар да тоқылған. Кілем тоқу, нақтырақ айтқанда, оның шығыстық түрі Еуразияның негізгі керуен жолдары бойында: Дала дәлізі мен Ұлы Жібек жолында және осы соңғысынан оңтүстікке қарай ерекше дамыды. Орта Азия мен Кавказ шығыстық кілем тоқу ареалында орталық орын алды және осы аймақтардағы кілем тоқу өнерінің тарихы тоқымашылықтың өте ерте кезеңдерінен басталады[6,110-112б].



*Суретте түкті етіп тоқылған «Шатырғұл» кілемі. ҚР Ұлттық музейінде*

Қазақ әйелдерінің қай - қайсысы да үй шаруашылығымен қоса қол өнерімен айналысқан. Әжелеріміз өздерінің көрген - білгендерін, жиған - тергендерін, сондай - ақ меңгергендерін жас ұрпаққа жалықпай үйретіп, ұрпақтан - ұрпаққа мұра болып қалатын баға жетпес дүниелерді өмірге әкелді. Қолда бар шикізатын ұқсатып, оны тұрмыс кәдесіне жаратып, тұтынушыларға рухани ләззат беретін көркем туындыға айналдыру шебер әйелдің ғана қолынан келетіні анық.

Академик Ә. Марғұланның пікірінше, «қазақтың түкті кілемдерінің орталық бөлігінде геометриялық фигуралар, екі тікбұрыштарға салынып, сыртқы жағынан әдемі қошқар мүйіздермен өрнектеліп, бірте - бірте сыңар өкше әуеніне ауысады. Түкті кілемдердің композицияларында әртүрлі ою әуендері: ағаштар, таулар, жазықтар, «тоғыз қырат» әуені, сарқырама, арықтар, ежелгі құрылыстардың күмбездері, күн мен ай бейнесі, жабайы жануарлар, құстар, аңшылық, түйелер керуені түрінде болып келеді. Құс, жылқы, түйе іздері, қошқар мүйіз, ұшып бара жатқан бүркіт ізі кездеседі. Халықтың тұрмыс салты, шаруашылық қызметі ерекшелігі, фауна мен флора, діни көзғарастар, география және басқа да жергілікті жағдайлар кілем беттерінде өрнектелді.

Қазақ этнографиясын зерттеуге өлшеусіз үлес қосқан С.М Дудиннің пікірінше, тоқыма бұйымдары оның ішінде кілем көшпелілер тіршілігінің туындысы болып табылады. Көшпелі

этномәдени ортадағы кілемнің генезисі мен қолданысының экологиясы, тіршілік қамы маңызы, эстетикасы тұрғысынан келгенде ғалымның осы ой - тұжырымының қисындылығын аңғару қиын емес. Қазан төңкерісіне дейін қазақ ауылдарының тіршілігін зерттеген біраз орыс ғалымдарының еңбектерінде кілем мен тоқыма бұйымдарының кез - келген киіз үйден кездесетіндігі туралы мәліметтер келтіріледі. Расында да, дәстүрлі қазақ тұрмысын аталмыш бұйымдарсыз, соның ішінде, әлбетте кілемсіз елестетудің өзі мүмкін емес. Жоғарыда аталған С.М Дудиннің ден қойдырар дерегіне қарағанда, көшпелілер тұрмысында кілем мен тоқыма заттардың киіз бұйымдардан кейінгі өзіндік айрықша орны болды. Өйткені, тоқыма бұйымдар, әсіресе, кілем көшпелінің отбасын жыл он екі ай суықтан да, жаздың аптап ыстығынан да қорғайтын аса қажетті тіршілік қамдық функция атқарды. Сонымен қатар кілемнің сәндік бітімі қазақ үйінің эстетикасында да маңызы зор болды[7,17 б].

Қорытындылай келгенде, кілемдер қазақ халқының ішкі рухани байлығын шын мәнінде бейнеленген айна іспеттес болды. Халқымыз ата - баба дәстүріне, салтына, мәдени мұраға адалдықпен қараған. Қаншама алапат соғыс, қуғын - сүргінді бастан өткерсе де қаймағы бұзылмаған өнерін, ұлттық мұрасын, киелі жәдігерлерін сақтап келген. Ендігі мақсат, киелі өнердің ұмыт қалған тұстарын жаңғыртып, келер ұраққа дәріптеуге шақыру.

#### **Қолданылған әдебиеттер тізімі:**

1. Елбасы мақаласы: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру». <https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqa-baghdar-rukhani-zhanhghyru>.
2. «Қазақтың кілемдері». - Алматы: DIDAR.1998.
3. Мұқанов К. «Жүнен жаслатын бұйымдар. - Алматы: Қайнар, 1990.
4. Өмірбекова М.Ш. Энциклопедия. Қазақтың ою- өрнектері. - Алматы : «Алматыкітап» ЖШС, 2005.
5. Қасенова Қ. Шкляева.С Кілем мен тұскілем тоқып үйренеміз. -Алматы, 2009.
6. Орталық Азия мен Кавказдың дәстүрлі тоқыма өнері - Ұлы жібек жолының мұрасы. – Тараз: Сенім, 2014.
7. Әлімбаев Н. Казахские ковры и ковровые изделия. – Алматы: ICOS,2012.